

МРНТИ16.21.07

Б.Жексенғалиев

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының
Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы директорының орынбасары
Орал қаласы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ МІНДЕТІ – ТІЛ БОЛМЫСЫН САҚТАУ

Аннотация: Қазіргі кезде қазақ тілі мамандарын, тіл жанашырларын толғандырып отырған басты мәселе де осы, яғни шет тілдерден келген сөздерді қолдануға қатысты болып отыр. Өз тарихымызда өзге тілдің дыбыстық құрамын түгел алған тәжірибеміз бар және оның арты неге әкелгені де белгілі. Жалпы бір тілдің айтылым, жазылым жүйесінде екінші тілдің заңдылығы қатар қолданылуы мүмкін емес. Қолданылған жағдайда ол тіл табиғаты мен болмысының өзгеруіне, бұзылуына әкеледі. Әлемдік тәжірибеде жүздеген тілдердің жойылуына әкелген осы тілдік ықпал екені белгілі.

Бүгінде графика, яғни таңба мәселесінде бәрі анық, қазақ әліпбиі үшін латын жазуын таңдадық. Қолданылған жағдайда ол тіл табиғаты мен болмысының өзгеруіне, бұзылуына әкеледі. Сондықтан да әліпби реформасына қатысты шаралардың алдыңғы қатарында жаңа қазақ емлесі мәселесі тұр, нақты айтсақ, өзге тілдерден келген сөздерді жазу мәселесі.

Тірек сөздер: графика, айтылым, жазылым, реформа, қолдану нормасы, кірме сөздер.

Б. Жексенғалиев

Заместитель директора филиала Академии государственного управления при
Президенте РК по Западно-Казахстанской области
Уральск, Казахстан

ЗАДАЧА НАЦИОНАЛЬНОГО АЛФАВИТА – СОХРАНИТЬ БЫТИЕ ЯЗЫКА

Аннотация. В настоящее время основной проблемой специалистов казахского языка и покровителей языка является использование слов из иностранных языков. В нашей истории мы имеем опыт получения всей звуковой структуры другого языка, и известно к чему это привело. В системе произношения и орфографии одного языка нельзя одновременно использовать законы другого языка. При использовании он меняет и портит природу и сущность языка. На сегодняшний день в вопросах графики и знаков все очевидно, для казахского алфавита мы выбрали латиницу.. Поэтому в числе первых мер, касающихся реформы алфавита, стоит вопрос о новом казахском орфографическом словаре, а именно о написании слов из других языков.

Ключевые слова: графика, произношение, правописание реформа, применение норм, заимствованные слова

B. Zheksengaliyev

Deputy Director of the branch of the Academy of Public Administration under the
President of the Republic of Kazakhstan in the West Kazakhstan region
Uralsk, Kazakhstan

THE TASK OF THE NATIONAL ALPHABET IS TO SAVE THE BEING OF A LANGUAGE

Annotation. Today, in matters of graphics and signs, everything is clear, for the Kazakh alphabet we have chosen the Latin inscription. If used, it leads to a change in the nature, essence and violation of the language. Therefore, among the first measures concerning the reform of the alphabet is the question of a new Kazakh spelling dictionary, namely, the spelling of words from other languages.

Keywords: graphics, pronunciation, subscription, reform, application of norms, borrowed words

Латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кириллдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз
Әлімхан Жүнісбек

Қазіргі кезде елімізде болашақ қазақ әліпбиінің жобасы талқыланып, шешуші таңдау жасалынды. Жазу жүйесінде болатын бұл өзгерістер «ұлт үшін деген ұлы іс» (А.Байтұрсынұлы) екендігі сөзсіз.

Бүгінде графика, яғни таңба мәселесінде бәрі анық, қазақ әліпбиі үшін латын жазуын таңдадық. Ал әліпби құрамы мен емле ережелеріне қатысты, нақты айтсақ, басқа тілдерден енген сөздердің айтылым, жазылым нормалары мен қазақ тілі үшін жағ дыбыстар мен әріптердің қаншалықты қажеттілігі мәселесінде ортақ байламға келе алмай жүргеніміз де рас.

Сондықтан да әліпби реформасына қатысты шаралардың алдыңғы қатарында жаңа қазақ емлесі мәселесі тұр, нақты айтсақ, өзге тілдерден келген сөздерді жазу мәселесі.

Қазіргі кезде қазақ тілі мамандарын, тіл жанашырларын толғандырып отырған басты мәселе де осы, яғни шет тілдерден келген сөздерді қолдануға қатысты болып отыр. Өз тарихымызда өзге тілдің дыбыстық құрамын түгел алған тәжірибеміз бар және оның арты неге әкелгені де белгілі. Жалпы бір тілдің айтылым, жазылым жүйесінде екінші тілдің заңдылығы қатар қолданылуы мүмкін емес. Қолданылған жағдайда ол тіл табиғаты мен болмысының өзгеруіне, бұзылуына әкеледі. Әлемдік тәжірибеде жүздеген тілдердің жойылуына әкелген осы тілдік ықпал екені белгілі.

Жалпы әлемдік тәжірибеде тілдер арасында сөз алмасу қалыпты құбылыс болғанымен, сонымен бірге тілден тілге жазу, сөйлеу ережелері ауыспайтыны да талассыз. Сол сияқты халықаралық термин сөздердің ортақ қолданылу, жазылу ережесі де жоқ. Әр тіл өз сөздік қорындағы кірме сөздерді өз тілінің емле ережесімен жазып, дыбыс заңдылығымен айтады. Ол заңды да. Ағылшын, неміс, орыс тілдеріндегі түбі бір сөздердің (Museum [mju:ziam] – museen (нем) – muse (фр.) – музей, notary [nəʊtəri] – notaire (фр)- notar (нем) – нотариус) сөздерінің қолданылу

нормалары бұған айқын дәлел, орыс тіліндегі түрік тілдерінен енген сөздер (*буран, арбуз, капкан, аким, маслихат* т. б.) де, ертеректе тілімізге орыс тілінен енген «*үстел, самаурын, бөрене, болыс*» сөздері де осы қатарда.

Тіл мәңгілік болу үшін ол өзінің табиғи болмысын сақтау керек. Ал тілдің табиғи болмысы сақталуы үшін тіл өзінің заңымен өмір сүруі керек. «*Тіл болса, оның заңы боларға керек*» [1.391]. 1940 жылдан бізде бәрі басқаша болды. «*Орыс тілінен енген сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады*» деген ережемен бірге қазақ тіліне орыс тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтары қоса келіп, бұл нормалар өзге тілден енген сөздердің ғана емес, төл сөздеріміздің де айтылуы мен жазылуына ықпал етіп отыр. «*Х, и, ю, я, ш*» әріптері қазақтың төл сөздерінде жазылып (*халық, кие, ою, қия, ащы*), тілдің дыбыстық болмыс-бітіміне үлкен кері әсерін тигізуде.

Сол «*тіл бұзар зиянкестік*» салдарынан жат сөздердегі жат дыбыстық нормалар жеке сөздер айтылымына ғана емес, қазіргі қазақ сөзінің жалпы сөйлеу интонациясына әсер ете бастады. Қазақ сөзінің саздылығы мен әуезділігі жұтандап, бояуы кете бастауының басты себебі де тіл бұзар жат тілдік заңдылықтарда жатқаны анық. XX ғасыр басында осы мәселе көтерілгенде Алаш зиялылары бекер дабыл қақпаған екен. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа шет тілдерден енген сөздерді орыс тілі ережелерімен айту, жазу тәсілінің ана тілімізге ықпалы қандай болғанын бүгінде қазақ ғалымдары ашық айтып отыр.

«*Тілдің даму тарихы мен қалыптасуы жайына үңіліңкіресек, тіл заңын үнемі бұзумен келгеніміз мәлім. Бұзуемей немене, орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен бөгде сөздерді, яғни интертерминдерді, кеңестік ұғымдар арқалаған русизмдерді Құран сөзіндей кие тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық*» [2].

«*XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап сырттан келген, әсіресе орыс тілі арқылы келген термин сөздерге қазақы шапан жабу дәстүріне тыйым салынды. Туған тіліміздің тағдыр-талайына зауал болып төнген осы кесірден күні бүгінге дейін арыла алмай отырмыз*» [3].

Оның басты себебі – бізде күні бүгінге дейін халықаралық термин сөздерді қолдануға қатысты ғылыми дәлелденген бірыңғай ережеміз бен ұстанар нақты қағидамыз болмай отырғандығында. Сондықтан да қазақ тіліндегі жат тілдік заңдылықтар және халықаралық сөздердің қазақ тілінде айтылымы мен жазылымы мәселесі қазіргі жағдайда тіл болашағымен тікелей байланысты мәселеге айналды.

Бұл аурудың бізге өтіп кеткендігінің бір дәлелін бүгінгі күні елімізде жүріп жатқан жаңа әліпбидің емлесіне қатысты талқылаулардан көруге болады. Туған тілдің мүмкіндігіне сенбей, шет тілден енген сөздерді түпнұсқа үлгісіне жақындатып жазамыз деп отырғанымызды басқаша қалай түсіндіреміз. Тіліміз тағы да жартылай, қосамжар емлемен өмір сүре ме? Біз осы мәселеде қашан түпкілікті шешім қабылдаймыз? «*Дүниеде бірде-бір тілде, оның ішінде орыс тілінің өзінде де, бұрын-соңды қолданылмаған, тіл табиғатына жат*» [4:27] тәсілден қашан арыламыз? Әлде біз «*өзін және өз тілін құрметтейтін*» елдер қатарында емеспіз бе? Ғаламдану заманында біз интертерминдерсіз өмір сүре алмаймыз деген уәжге біз де қосыламыз, бірақ бұл өзге тілден келген сөзді сол тілдің айтылым, жазылым нормаларымен қоса алу дегенді білдірмейді ғой.

Жаңа емле жобасында шеттілдік сөздердің жазылу ережелері төмендегідей түсіндіріледі.

«Шеттілдік сөздерді танбалауда бүгінгі кирилл жазуы санада жатталып қалған ұрпақ пен кирилл жазуын білмейтін келешек ұрпақты тоғыстыратын емле жасау басты назарда болды. Мұнда, алдымен, қазақ тілінің шеттілдік сөздерді игеріп айту артикуляциясы, екіншіден, сөздің жазба тұрпатының түпнұсқа тілге жақын болуы мен көзшалымға қораш болмауы ескерілді: *manóvr, brýselóz, aktór, amóba, dirjór, rejisór, sirk, sifr, silindr, sirkýl; desimetr, medısına, proporsional, abzas, kvars, konstitýsia, korporasia, seh; senari, siofit, abses, absisa, plebisit. parashút, absalút, glúkoza, debút, prodúser, lúks, salút, valúta, búdjét, búrokrátua, sijet, búleten; fúchers, kompúter, tútor, komúktýra, komúktivít, ansámbl, dúbl, paról, asfált, púlt, ált, ós.*» [5].

Бұл уәжді, тұжырымды қалай түсінуге болады? Жазу реформасының өзі санада жатталып қалған кирилл жазуының тіл бұзар ықпалынан құтылу үшін қолға алынған жоқ па? Шеттілдік «сөздің жазба тұрпатының түпнұсқа тілге жақын болуы мен көзшалымға қораш болмауы». Қазақ тілінің төл заңынан туындайтын айтылым, жазылым үлгілері сол тіл иесіне көзге қораш көрінетін болса, қазақ тілінің жаңғыруы, табиғи болмысын сақтауы туралы не айтуға болады?

Шет тілдерден келген сөздердің жазылымына байланысты ұсынылған емле жобасында нақты тұжырым жоқ және Концепция қорытындысында берілген «қазақ орфографиясының негізгі ережелерінің ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы» ұстанымына сәйкес келмейтіні байқалады. Жеке әріптердің жазылымына байланысты ережеден бұрын жалпы өзге тілдерден алынатын сөздердің қолданылуына байланысты тұжырымды айқындап алмаймыз ба?

Жоғарыда келтірілген сөздердің кирилл жазуымен айтылымын қарайық. «Манөвр, бруселоз, актөр, дирижөр, режисөр, медицина, продүсер, салүт, әнсәмбл, пәрөл, асфәлт, т.б». Шынын айтсақ, бұл сөздерді қазақ тілі заңдылығын керісінше бұзып тұрған сөздер ретінде мысалға алуға болады. Бұрын кирилл жазуымен біз бұл сөздерді орыс тілі орфографиясы бойынша жазсақ, енді жартылай орысша, жартылай қазақша күйінде қолданамыз ба? Бұл сөздерді толық қазақ тілінің заңдылығымен жазуға, айтуға не кедергі? Мыс: *мәнебір, бүреселез, әктөр, режессөр, медетсійне, пірәдөссер, сәләт, әнсәмбіл, пәрөл, әспәлт*.

Жазу реформасының басты мақсаты – қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тілдегі «тілбұзар ережелерден» арылу, жазылым мен айтылым нормаларының бірегейлігін қамтамасыз ету деп түсінеміз. Сондықтан да жат (кірме) дыбыс, жат, кірме сөздердің тілімізде қолданылуы мәселесіне байланысты да түпкілікті байлам мен шешімге келу маңызды. Бұл арада жартылай шешім болуы мүмкін емес. Ал тіл болашағы үшін халықаралық сөздердің қазақ тілі заңына сәйкес айтылым, жазылым нормаларын реттеудің, емле ережелеріне өзгерістер енгізудің уақыты жетті деп ойлаймыз. Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына бағынуы керек. Сондықтан «латын әліпбиіне қазіргі кирилл орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кириллдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз» [6].

Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанда тіліміздің ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қала аламыз. Ол дегеніміз – барлық тілдердегі тәжірибемен «интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау» [Ө.Айтбайұлы]. Ол – жаңа ұлттық әліпбидің қазақ тілінің сөздік қорындағы барлық сөздерді (кірме сөздерді, терминдерді қоса) сингармонизм

заңы , яғни үндесім нормалары бойынша қолдануға мүмкіндік беруі. Қазақ тілінің 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс, барлығы 28 дыбыстан тұратын дыбыстық қоры арқылы, осы төл дыбыстар арқылы әлемнің барлық тілдерінен келген сөздерді айтуға, сол дыбыстар таңбалары арқылы жазуға болады Сондықтан жаңа әліпби құрамында берілген «f (ф),h (x,h), v (в), і (и), ch (ч)» сияқты қазақ тіліне жат дыбыстар таңбаларын түгел алып тастау, қазақ тілінің емле ережелерінің жаңа кешенді нұсқасын дайындау мен әліпби құрамына өзгерістер енгізуде белгілі фонетист- ғалым Ә.Жүнісбек жобаларын басшылыққа алу туралы ұсыныс білдіреміз.

Қазақ емлесі ережелерінен біздің күтетініміз – қазақ жазуының негізі мен ұлттық сипатын анықтайтын нақты да анық тұжырым. Сондықтан да емле ережелерінің тұжырымдамасына, ережелеріне «қазақ тілінің үндесәуезін бұзбау» (Ә.Жүнісбек) мақсатында толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] А.Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы. – Алматы, 1992 ж. – 448 б.
- [2] Ә.Айтбаев «А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы», «Егемен Қазақстан» 25.09.2017 ж.
- [3] Ә. Кекілбай, «Ана тілі», №6, 2005 жыл,
- [4] Ә.Қайдаров, Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 2003 ж. – 89 б.
- [5] «Жаңа қазақ әліпбиін енгізудің алғышарттары және емле ережелерін көпшілік талқылау» атты республикалық шараның тұжырымдамасы
- [6] Ә.Жүнісбек, Кірме таңбалардың тауқыметі, «Ана тілі», 5.Х.2018 ж